

ӨОЖ 81'1

ГТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.015>

**ӘЛ-БАРУДИДІҢ «ЛУҒАТ СӘЛӘС-СЕ ЗАБОН-УЧ ТИЛ» ЕҢБЕГІ
МЕН ОНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОРНЫ
(ҚР ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ НҰСҚАСЫ)**

*Мухитдинов Р.С.¹, Мустафаева А.А.², Шоқай Е.К.³

*^{1,3}Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ғалымжан әл-Барудидің (1857–1921) «Луғат сәләс-Се забон-Уч тил» (Үш тіл) атты оқулығын салғастырмалы тіл білімінің, түркітанудың зерттеу тақырыбы ретінде қарастыру мақсат тұтылған. Зерттеудің басты идеясы – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Түркі әлеміндегі салғастырмалы зерттеулердің жүргізілгендігін дәлелдеу. Бұл оқулықтың практикалық және ғылыми маңыздылығы салғастырмалы тіл білімі, түркітану үшін ғана емес, қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде айқындалады. Алайда бұл тілші, лингвист ғалымдардың назарынан тыс қалған еңбек. Бұл оқулықтың көлемі аз болғанымен, тарихи құндылығы жоғары. Бұл мақалада осы оқулықтың авторы жайлы қысқаша мәлімет беріледі. Мақалада ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған нұсқасындағы басылған мөрлерге де талдау жасалады. Оқулықтың әр тарауына жеке-жеке тоқталып, сол тарауда келген араб, парсы және түркі тілдерінің сөздеріне, грамматикалық ережелеріне талдау жүргізіледі, кітапқа сипаттамалық шолу жасалады. Тіл біліміндегі салғастырмалы зерттеу жүргізуге болатын кітаптың тақырыптары көрсетіледі. Үш тілдің грамматикалық ережелеріне салыстыра, салғастыра зерттеу жасалады. Оқулықта алдымен күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздердің үш тілде аудармалары беріледі. Одан кейін грамматикалық ережелерді үш тілде мысалдар беріп, қысқаша түсіндіреді. Оқулықта қолданылған лингвистикалық терминдер қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде пайдалы болады деген мақсатта олардың қазақ тіліндегі баламалары беріліп отырады. Зерттеуде салғастырмалы, салыстырмалы, диахронды әдістермен қатар сипаттау, шолу жасау, баяндау, аудару әдістері де қолданылады. Осының негізінде бұл еңбектің салғастырмалы тіл білімі үшін, түркітану үшін және қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеу үшін маңыздылығын ашып көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында біздің аймақтарда тіл білімінде салғастырмалы зерттеулердің болғандығын айта аламыз.

Тірек сөздер: үш тіл, салғастырмалы тіл білімі, араб, парсы, түркі, қазақ тілі, тарихи грамматика, лингвистикалық термин

Кіріспе

Бұл мақалада араб, парсы және түркі тілдерін салғастыра арқылы үйрету әдісін қолдана отырып жазылған Ғалымжан әл-Барудидің (1857–1921) «Луғат сәләс-Се забон-Уч тил» (Үш тіл) атты оқулығын зерттеу қолға алынады. Аталған оқулыққа салғастырмалы тіл білімінің нысаны тұрғысынан талдау және еңбекке толық сипаттамалық шолу жасалады.

Бұл мақала Алматы қаласында орналасқан ҚР Ұлттық кітапханасының «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» бөлімінің №820 (3006-38) қорында сақталған *لغات ثلاث. سه زبان. اوچ تیل. ملا عالم جان البارودي* Мулла Ғалымжан әл-Барудидің «Луғат сәләс. Се забон. Уч тил» еңбегіне шолу жасалып, тіл біліміндегі орны сипатталады. Еңбектің атауы араб, парсы және түркі тілдерінен аударғанда «үш тілді» білдіреді. ҚР ҰК қорындағы бұл еңбек 1901 жылы Қазан қаласында «Типография Б.Л. Домбровскаго» баспаханасынан жарыққа шыққан. Бет саны – 40, көлемі 20x14 см [1]. Зерттеу нысаны ретінде алғаш рет беріліп отырған бұл еңбекті қарастыруға бірнеше себеп түрткі болды: біріншіден, еңбектің негізгі тілі түркі тілі; екіншіден, еңбек лексикографиялық түрде жазылып, түркі тілінен бөлек араб және парсы тілдерін қамтиды; үшіншіден, еңбектің тіл білімі және қазақ тілінің тарихи грамматикасын қалыптастыруда маңызы зор; төртіншіден, оның теориялық және практикалық тұрғыдан назардан тыс қалуы. Зерттеудің мақсаты түркі тіл біліміндегі салғастырмалы еңбектердің қатарына жататын Ғалымжан әл-Барудидің «Луғат сәләс. Се забон. Уч тил» (Үш тіл) атты еңбегіне сипаттамалық шолу жасау. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- кітаптың әр тарауын жеке-жеке талдап, шолу жасау;
- кітаптың авторының еңбекті жазудағы мақсатын айқындау;
- араб, парсы және түркі тілдеріндегі грамматикалық терминдерді нақтылау;
- XX ғасырдың басында жазылған бұл еңбектің қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеудегі маңыздылығын көрсету;
- түркі тіл біліміндегі салғастырмалы зерттеу еңбектерін зерттеу қажеттілігін айқындау.

Бұл еңбек – Ғалымжан әл-Баруди (1857-1921) құрастырған араб, парсы және түркі тілдерінің үш тілді тақырыптық сөздігі. Автор сөздікпен қатар аталмыш үш тілдегі кейбір грамматикалық категорияны да салыстырып, жалғаулар, жұрнақтарды және жіктеулерді түсіндіреді. Сондықтан бұл еңбекті бір жағынан сөздік болса, екінші жақтан оқулық және салыстырмалы зерттеу деп қарастыруға болады. Авторы туралы көп

ақпарат болмағанымен, жалпы тұлғасын танытатын мәліметтер аз емес. Оның өмірбаяны біздің мақаланың зерттеу нысаны болмағандықтан, ол туралы тек төмендегі мәліметтерді берумен шектелдік.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысының негізгі материалы – Мулла Ғалымжан әл-Барудидің «Луғат сәләс. Се забон. Уч тил» еңбегі. Сонымен қатар салғастырмалы зерттеу жүргізілгендіктен араб, парсы, қазақ тілдеріндегі грамматикалық еңбектер мен сөздіктер қосымша материал ретінде пайдаланылды.

Зерттеу барысында кітапты жалпы таныстыру мақсатында шолу, мазмұнын баяндау, ашу үшін сипаттама, анықтама жасау әдістері, үш тілдегі мәліметтерді зерттеу үшін салғастырмалы, қазақ тілін түркі тілімен байналыстыру мақсатында диахронды және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Нәтижелер және Талқылау

XIX ғасырдың соңында қазіргі Қазақстан, Татарстан аймақтарында шет тілдерін үйрету, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің зерттеулері жүргізілген. Түркі тілі грамматикасында араб, парсы тілі грамматикасындағы қолданылатын терминдермен қатар түркі тілінің төл сөздерінен жасалған терминдер де қолданылған. Бұл түркі тілі мамандарының өз тілдерімен бірге салғастырмалы зерттеулер жүргізулерінің, өзге тілдерді зерттеу барысында қол жеткізген жетістіктері болып табылады.

Әл-Баруди – Нақшбандия-Мужаддия/Халидия шейхы (сопылық тариқат), Ресейдегі Орталық мұсылмандар діни басқармасының мүфтиі (1917–1921), З.Расулидің мұриді болған. Мұхаммадия медресесінде және Бұхарадағы Мир-Араб медресесінде тәлім алған. Ол қоғамда белсенді азаматтық позициясымен танылып, 1906 және 1917 жылдары мұсылмандар съездеріне қатысып, 1920 жылы ислам дінбасыларының съезіне төрағалық етті, сонымен бірге Еділ губернияларының аштықтан зардап шеккен халқына көмек көрсетуді ұйымдастыруға қатысқан. Әл-Баруди беделді ұстаз, көптеген діни оқулықтардың авторы, білім беру жүйесін реформалауды жақтаушы болған [2]. Оның бұл «Үш тіл» еңбегі алғаш рет 1893 жылы Қазан қаласында басылған. Біздің қолымызға түскен, зерттеуіміздің нысанына айналып отырған бұл нұсқа – Санкт-Петербургтың (түпнұсқада С.-Петербургъ) 31 қазан 1901 жылғы рұқсатымен 1902 жылы Қазан қаласының «Типография Б.Л. Домбровскаго» баспа үйінде жарыққа шыққан үшінші басылымы [1, 1 б.].

Кітаптың титул бетінде «الماتى نك مسلمان كتبخانه قرائتخانه سى» (Алматының Мұсылман кітапханасының қыраатханасы) Веръненская мусульманская

библиотека читальня» деген мөр басылған. Мөрдiң өзiнде бiрнеше маңызды ақпарат сақталған: бiрiншiден, мөрдегi жазуға сәйкес, өткен ғасырдың басында Алматы қаласы «Верный» атауымен қатар, «Алматы» деп те аталған; екiншiден, Алматыдағы кiтапхана атауы да берiлген (Мұсылман кiтапханасы). Бұл мәлiмет бұл кiтапхана туралы арнайы зерттеу жүргiзудiң қажеттiгiн көрсетедi. «Алматы» сөзiндегi «т» әрпi араб тiлiнде жiңiшке т-мен (التاء) жазылған. Қазiр араб тiлiнде оны жуан т-мен (الطاء) жазу дағдыға айналған. Бұл да қазақ онимдерiн араб тiлiнде жазу мәселесiнде бiр ескеретiн жағдай. Араб тiлiнде Алматыны жiңiшке т-мен дыбыстау жеңiл айтылып, мәтiндерiнде де солай қолданылады. Ал оны жуан т-мен жазып жүргендер «т» әрпiнен кейiн келген жуан «ы» дыбысын негiзге алып, оны жуан т-мен берудi дұрыс санайды. Бұл туралы арабтанушы ғалым Қ.А. Қыдырбаев өзiнiң осы сала байынша жазған докторлық диссертациясында: «Бесiншi себебi – аудармашының (не араб тiлдi жазушының) қазақ тiлi мен оның дыбыстық жүйесiн толыққанды бiлмеуi. Мысалы, аудармашы (не араб тiлдi жазушы) қазақ тiлiнiң дыбыстық жүйесiн бiлгенде Алматыны *ألماتي* [’almāti] деп емес *الماطي* [’almāṭi] деп жазар едi. Өйткенi Алматы сөзiндегi т дыбысы жуан дауыстылардың әсерiнен жуан дыбысталады. Сондықтан қазақ тiлiндегi дыбысталуына барынша жақындату үшiн араб тiлiндегi мустағли *مستغلي* [muṣṭa‘lin]) әрi мутбақ (*مطابق* [muṭbaqun]) ط [t] дыбысының белгiсiн қолданған жөн.. » [3, 119 б.], – деп көрсетедi. Мөрмен қатар, кiтаптың бұл бетiнде штамп қойылған. **Штампта** «*آلندی کتابخانه قرااتخانه نك اوز*» «Кiтапхана Қыраатхананың өз ақшасына 1907 сәне (жылы) 26-шы (июль) бағасы 1 сом 15 тиынға алынды» жазуы бар. Штамп арқылы 1907 жылы Алматы қаласында Мұсылман кiтапханасының жұмыс iстегенi, жеке қаражатының, сонымен қатар оның қыраатханасы (тура аудармасы: оқухана, қазiргi тiлде оқу залы) болғанын анықтаймыз. Штамптың қасында «Семиреченская областная Публичная библиотека» (тура ауд. Семиречье облыстық қоғамдық кiтапхана) деп штамп басылған. Бұл орыс тiлiндегi жазу әл-Бәрудидiң бұл еңбегiнiң Семей қаласындағы кiтапхана қорында болғанын бiлдiредi.

Ғалымжан әл-Бәруди кiтап жазып қана қоймай, оны баспадан шығаруды да қаржыландырған. Оған Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кiтапхананың Сирек кiтаптар мен қолжазбалар бөлiмiндегi №799 (3263-39) сақталған *علي القاري شرح مختصر الوقاية* (Али Қари. Шарх Мухтасар әл-Уикая) кiтабының бiрiншi бетiндегi қаржыландыруға байланысты ақпарат дәлел болады [4, 1 б.].

Автор «Үш тiл» еңбегiнiң кiрiспе сөзiн де, еңбегiнiң алғашқы бөлiмiн де «бисмилләмен» бастаған. Кiтаптың кiрiспесiнде араб тiлiнiң ислам шарифатының, дiн негiздерiнiң тiлi болғандығымен маңызды дей келе, бұл тiлдi үйренудiң қажеттiлiктерi мен артықшылықтарына қысқаша

тоқталады. Сондай-ақ араб тілін жеңілден ауырға қарай деңгейлеп оқып үйрену қажеттілігіне тоқталып, оны үйренуде сатылай жеңілден ауырға қарай үйрену қажеттілігін ескереді. Автордың өзі де бұл кітапта тіл үйретудің «жеңілден ауырға қарай» әдісін қолданған. Араб тілін Құран мен хадистердің түптілі ретінде қарастырып, діни мәтіндерді түсінуде маңыздылығына назар аударып, мұсылман елдерінде кеңінен тараған тағы бір тіл – парсы тілінің де мемлекетаралық және халықаралық деңгейімен қатар, сауаттылық дәрежесін көтерудегі маңыздылығын ескереді. Бұл араб және парсы тілдерін түркі тілімізбен салыстырып, «...бастауыш деңгейдегі оқушыларға тілдер үйрету мақсатында «Луғат сәләс» кітабын жаздым», – деп бұл үш тілді салыстырмалы әдіс арқылы үйретуге арналған еңбегінде көрсетеді [1, 2 б.]. Ғалымжан әл-Барудидің жоғарыда аталған үш тілді меңгерудің маңыздылығы туралы ой-пікірі Абайдың «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулхараб, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?» деген ойымен сәйкес келеді [5, 119 б.].

Жалпы еңбек бірнеше тараудан тұрады. Ғалым еңбегін үш тілді тақырыптық сөздіктен бастайды. Кітапты сөздіктен бастау тәсілі түркі тіліне қатысты тарихи еңбектерде, оның ішінде Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китаб әл-Идрак лилисән әл-әтрак» (كتاب الإدراك للسان الأترک) атты кітабында да кездеседі [6]. Ал Махмуд әл-Қашғаридің «Диуан луғат әт-турк» сөздігінде [7] алдымен грамматикалық ережелер берілген. Алғашқы араб лексикографтары да араб тілінің сөздіктерін тақырыптың сөздік жасаумен бастаған. Бұл да әл-Баруди орта ғасырлық сөздік құрастыру әдістерінен хабардар болғандығын көрсетеді.

Әл-Баруди сөздікті «Адам дене мүшелерінің атауымен» (түпнұсқада Кіши ағзасының атлары) бастап, үш бағанның әрқайсысына үш тілдің сөздерін жеке-жеке қойып шыққан. Бірінші ұяшыққа араб, екінші ұяшыққа парсы және үшінші ұяшыққа түркі тілінің сөздерін мағыналарына қарай сәйкестендіріп жасаған. Сөзтізбеде сөздер әліпбилік ретпен берілмеген. Жалпы үш тілдегі сөзтізбенің ешқайсысында сөздердің белгілі бір логикалық түзілу реті байқалмайды. Мысалы, сөзтізбеде берілген бас; құлақ; көз; кірпік; көз қабағы; қас; ми; маңлай; мұрын сияқты сөздердің үш тілде де осы сөздердің сөзтізбедегі ішкі реттілігі байқалмайды. Адамның дене мүшелерінің соңында әл-Баруди оң, сол, үсті, асты, алды, арты сияқты сөздерді де қосқан. Бұл бөлімде барлығы 71 сөздің үш тілдегі нұсқасы мен мағыналары берілген. Келесі екінші бөлімде «Адам түрлерінің атаулары» (Кіши турлерінің атлары) қатысты сөздерді жинақтаған. Мысалы: ер, қатын, күйеу, әйел, ата, ана, нағашы т.б. Бұл бөлімде 44 сөздің үш тілдегі аудармасы берілген, сөзтізбеге алынған сөздердің белгілі бір реті жоқ.

Бірақ алдымен туыстық қатынасқа қатысты атауларды, одан кейін жасына қатысты атаулардан сәби, нәресте, балиғатқа толған деген үш атауды береді. Сосын адамның сипатына қарай ақылды, надан, ақымақ, жынды секілді сөздер, одан кейін жігіт пен қарт, ары қарай азат, құл, күң, қызметші сөздері беріледі. Бөлімнің соңын дәріс өтуші (дәріскер), мұғалім, үйренуші және шәкірт сияқты сөздермен аяқтайды. Бірінші бөліммен салыстырғанда бұл бөлімде белгілі бір мағыналық жағынан реттілік байқалады. Үшінші «Жануар түрлері» туралы (Хайуан гуруһлары) бөлімде 58 сөз қамтылған. Алдымен төрт түлік, есек, қашыр атаулары, одан кейін мүйіз, құйрық, жүн, сүт, қаймақ сөздері, арыстан, аю, қасқыр, түлкі секілді жабайы аңдар, шыбын, бүрге, бит, ара, өрмекші секілді жәндіктер, көгершін, тауық, үйрек, қаз, қарға секілді құстардың атаулары үш тілде берілген. Бұл жерде де сөзтізбедегі сөздердің белгілі бір мағыналық реті болғаны көрінеді. Төртінші «Су және оған қатысты сөздер» (Сулар уа оған мунасиб шейлар) бөлімінде 15 сөз бар. Онда алдымен су, теңіз, өзен, көл, құдық сөздері келеді. Одан кейін сумен байланысы бар кеме, шелек, жіп, қазан, қасық, құман, леген секілді сөздердің үш тілдегі аудармасын берген. Бұл жерде де сөзтізбедегі сөздер әліпбилік ретпен реттелмегенімен, мағыналық жағынан белгілі бір реттік бар. Келесі бесінші «Көк нәрселері және уақыттар» (кук нәрселері уа уақытлар) бөлімінде 27 сөз берілген. Олардың ішінде көк (аспан), жер, ай, жаңбыр, қар секілді аспанмен қатысы бар атаулар, шығыс, батыс, күндіз, түнге, қыстан бастап төрт жыл мезгіліне, ең соңында жыл, ай, апта, күн және сағатқа тоқталады. Бұл сөзтізбеде де тақырыптық реттілік байқалады. Алтыншы «Киім және жиһаз» (киум уа уи жиһазы) бөлімінде 42 сөздің үш тілдегі аудармасы қамтылған. Алайда бұл бөлімдегі сөздердің де белгілі бір логикалық реттілігін байқамадық. Киім мен жиһазға қатысты атаулар араласып берілген. Жетінші бөлімде 23 сөз қамтылған. Бірақ бұл бөлімге атау берілмеген. Сөзтізбедегі сөздердің мағыналарына қарасақ, бұл елді мекендерден бастап, табиғатта кездесетін заттардың атауларына қатысты сөздерді қамтыған бөлім. Өйткені қала, ауыл, шөл, тау, дала, құм, топырақ, балшық, алтын, күміс, тас, темір секілді сөздер берілген. Келесі сегізінші «Астар және жемістер» (ашлар уа йәмишләр) деп аталатын тарауда 30 сөз қамтылып, жемістер мен көкөністердің атаулары араласып берілген. Тоғызыншы «Сипаттар» (Рушлар) деп аталатын бөлімде сын есімнің қызметін атқаратын 51 сөз қамтылған. Сөзтізбеде үлкен, кіші, ұзын, семіз, арық, алыс, жақын, іші, сырты, қымбат, арзан, аз, көп, сау, ауру, дос, дұшпан, жаңа, ескі, аш, тоқ секілді сөздермен қатар түр-түсті білдіретін ақ, жасыл, қара және соқыр, шоқрақ (кекеш), көсе (сақалсыз) секілді сөздер де берілген. Оныншы «Сандар» (санлар) бөлімінде 30 сөз, оның ішінде бірден жиырмаға дейінгі реттік сан есім, ондықтар, жүз, мың, жүз мың сөздері. Келесі он бірінші бөлім алдыңғы бөлімнің жалғасы секілді. Мұнда санға

қатысты жарты, үштен бірі, төрттен бірі, оннан бірі секілді 9 сөз қамтылған. Сонымен сөздік тарауы он бір бөлімнен тұрады, жетінші және он бірінші бөлімдерге атау берілмеген.

«Үш тіл» кітабының сөздік бөлімі жалпы жиынтығы 400 сөзден тұрады. Бұлардың барлығы тіл үйренуде бастауыш деңгей үшін қажетті, әрі сол заманда жиі қолданылған сөздер деуге болады. Осы сөздерге арнайы тоқталып, диахронды әдіс арқылы сол замандағы халық тұтынатын біраз заттарды, қоршаған ортаға қатысты жиі қолданылатын ұғымдарды анықтауға болады.

Кітаптың сөздік бөліміне қосымша мәлімет ретінде сөздікте кездесетін синоним сөздерге де тоқтала кетсек. Мысалы, автор араб тіліндегі он екі, ал парсы және түркі тілдерінде алты синоним сөзді де берген:

Араб тілінде: = العضد = الساعد، السبابة = المسيحة، القدم = الرجل، القلب = الفؤاد، الأمام = القدّام، الخلف = الوراء، المرء = الرجل، المرأة = الأنثى، الأب = الوالد، الفاسق = الفاجر، الحنطة = بلك = سر پوش چشم، آبریز = آفتابه، سیم = نقره، جیوه = الذرة = الدخن. Парсы тілінде: = نارسى بالا، قوی = سارق، چوری = سیماب، کور = نیینا، صد هزار = لک، قراوش، بُلُون = اینیش، استره = ساچ پاکوسی.

Араб тіліндегі «дахил» мен «хариж» сөздерінің екі мағынасын береді. Дахил 1. Бір нәрсенің іші, 2. Ішке кіруші адам, іштегі адам; Хариж 1. Бір нәрсенің тысы, сырты, 2. Сырттағы, тыстағы адам, сыртқа шығушы. Түркі және парсы тілдерінде осы екі мағына да екі сөзбен берілген, яғни дахил – іш, ішке кіруші; хариж – тысқары, шығушы.

Әл-Баруди оқулығының бірінші тарауы осымен аяқталады. Келесі тарауы ережелерге арналған. Автор грамматика ережелерін масдар (қимыл атауы, қимыл есімі) терминінің анықтамасын, парсы мен түркі тіліндегі масдардың жасалу жолын түсіндіруден бастайды. Ол: «Масдар – бір іске дәлелат етуші (нұсқаушы, көрсетуші, білдіруші) сөздер. Парсы масдарының соңына نَنْ «дән» немесе تَنْ «тән» қосымшасы жалғанады. Түркі масдарының қосымшасы болса, مك «мек» немесе مق «мақ» болады», – деп анықтама береді [1, 20 б.]. Әл-Барудидің пікірінше, түркі тіліндегі бармақ, келмек, тұрмақ, жүрмек секілді сөздер масдар қатарына жатып, араб лингвистері секілді есім сөздердің қатарына жатады. «Масдар» сөзі араб тілінен кірген, бір нәрсенің шығатын орны, шығу тегі мағыналарын береді. Лингвистикалық термин ретінде сөздің түбірі, қимыл есімі мағынасында қолданылады [9, 510 б.]. Қазіргі парсы, түрік, татар тілдерінде масдар термині қолданылады. Ғ.Қалиев масдарды «етістіктің қимыл атауы, қимылды не күйді білдіретін етістіктен жасалған есім» деп түсіндіреді [10, 205 б.]. «Диуан луғат әт-турк» кітабына қатысты «Шолпан» журналында жариялаған мақаласында қазақ зерттеушісі Х.Досмағамбетұлы да «масдар» терминін осы мағынада қолданып, түркі тіліндегі бармақ, келмек, тұрмақ секілді сөздерді масдар деп есептеген [11]. Қазіргі қазақ грамматикасында бұл сөздер мақсатты келер шаққа жатқызылады [10, 149 б.].

Жалпы алғанда, араб тіл білімінің өкілдері сөздерді сөз таптарына бөлгенде екі критерий тұрғысынан қараған; 1. Сөздің жеке тұрып мағынаға ие болуы; 2. Сөздің уақытпен байланысының болуы. Сөз жеке тұрғанда белгілі бір мағынаны беріп, оның уақытпен байланысы болмаса, ол исм (тура ауд. есім, атау) ретінде саналады. Бұл қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, сан есім және есімдіктерді қамтиды. Егер сөз жеке тұрғанда белгілі бір мағынаны беріп, оның уақытпен байланысы болса, ол фигл (етістік) саналады. Масдар қимылдың өзі емес, оның атауы болғандықтан, араб лингвистері оны исмнің қатарына қосады. Ал қазақ ғалымдары болса, оны етістіктің мақсатты келер шағына жатқызады. Бұл да – түркі тілінің тарихи грамматикасын, тілдерді салғастыра зерттеуде назар аударатын еңбектің тұстары. Өл-Баруди де Ғибадат тарауында қолданылатын 78 етістіктің масдарының (мақсатты келер шақ) үш тілдегі аудармасын береді. Мысалы: бастамақ, аяқтамақ, кірмек, шықпақ, пәктемек және т.б. Келесі бөлімге атау бермей, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын жемек, ішпек, шайнамақ, жұтпақ, келмек, кетпек секілді алпыс етістіктің масдарын берген.

Ғалымжан әл-Баруди масдарлардан кейін ٤٧ етістіктің өткен шағын үш тілдегі нұсқасын жазады. Еңбек авторы өткен шақты «өткен заман ішлері» (өткен шақ істері) деп атап, өткен шақтағы етістіктің негізі ретінде араб тілі грамматикасындағыдай үшінші жақ етістігін алады: оқыды, білді, естіді, көрді және т.б. Өл-Баруди қазіргі қазақ тіліндегі «шақ» терминін «заман» деп қолданған. Етістіктердің үш тілдегі кестесін бергеннен кейін, қысқаша ереже ретінде төмендегілерді көрсетеді: Арабшада хатун (әйел тегі) үшін әр сөзге бір «тә сәкинә» жалғанады. Мысалы, خرجت، جائت، قالت، секілді. Ал парсы мен түркі тілдерінде айтарлықтай тек категориясы болмағандықтан айырмашылық болмайды. Тәснияда¹ (екілік түрде) خرجا، жамғлар (көпше түр): خرجوا، خرجن. деп түсіндірме жасаған. Өл-Баруди араб тіліндегі муәннәс (مؤنث әйел тегі, орыс тілінде женский род) терминін түркі тіліне «хатун үшін» деп аударып, мұндай грамматикалық категорияның түркі мен парсы тілдерінде кездеспейтінін ескерткен. Сонымен қатар араб тіліне ғана тән екілік түрді (مثنى) сол қалпы «мусәнна» деп қолданған. Сол сияқты көпше түрге де араб тіліндегі жамғ (جمع) терминін қолданған.

Араб тіліндегі етістіктерді үшінші жақ өткен шақта ер тегінде, одан кейін әйел тегінде жіктеу арабтарда және Орта Азияда оқытылған араб тілі грамматикасы кітаптарында кездеседі. Ал Еуропа және бұрынғы Кеңес үкіметі арабтанушыларының араб тілі оқуылықтарында Еуропа тілдеріндегі секілді бірінші жақ, жекеше түрден бастайды.

¹ Кітапта تثنیه «тәсния» сөзі ثنائية «тәшния» деп қате жазылған. Бұл техникалық қате болуы мүмкін.

Ғалымжан әл-Баруди одан кейін етістіктің осы шағына тоқталады. Ол 33 етістіктің үш тілдегі аудармасын береді. Осы шақты әл-Баруди түркі тілінде «Келечек заман фиғллары» деп атаған. Кітапта таңдап алған өткен шақ пен осы шақтағы етістіктердің арасында белгілі бір жүйе жоқ. Өткен шақтағы етістіктерді оқыды, білді, үйренді, үйретті сияқты етістіктерден бастаса, осы шақтағы етістіктерді оқыр, жазар, аңлар (түсінер), кірек, шығар секілді етістіктерден бастайды. Одан кейін ереже ретінде автор «Араб тілінде әйел тегі үшін иә-ны тә-ға айналдырып айтылады. Мысалы: أرقت، بكت، خرجت، لمخبت، ناعرقى секілді, тәснияда ерлерде ناعرقى, хатунларда رالروقوا, жамғда (көпше түрде) ناعرقى. парсыша دن اوخيم, түркіше رالروقوا мағынасында», – деп түсіндірме жасаған.

Осы шақ етістіктерінен кейін бұйрық райға ^Λ етістікті мысал ретінде беріп, үш тілде бұйрық райдың жасалу жолын түсіндіреді. Араб тілінде әйел тегі үшін (жоғарыда көрсеткеніміздей, әл-Баруди оны «хатун үшін» деп қолданған) الياء «и» қосылады, тәснияда (екілік түрде) ер тегіне де, әйел тегіне де соңына әлиф жалғанады, мысалы: اعلموا ал көпше түрде ерлер اعلموا, әйелдерге اعلمن. Түркі тілдері мен парсы тілінде мұндай ерекшеліктер болмағаннан кейін оларға тоқталмаған.

Кітаптың 30-бетінде бұйрық райдан кейін «Тыйым» тарауы қарастырылған. Әл-Баруди араб тіліндегі النهي ән-нәһиді түркі тілінде «тыймақ бабы» деп берген. Бұл бапта 20 етістікті үш тілде беріп, етістіктерді бергеннен кейін араб тіліндегі ер тегі мен әйел тегіне, екілік түрге және көпше түрге қатысты орын алатын өзгерістерді мысалмен түсіндірген. Бұл да араб және түркі тілдерін салғастыра зерттеуде ескерілетін мәселе деп есептейміз. 31-бетте жахд (өткен шақта тұрған етістікті теріске шығару) бабына тоқталған. Әл-Баруди оны «өткендегі жоқтықты баяндау» (өткендегі жоқтықны баян) деп берген. Бұл жерде 20 етістікті үш тілде берген. 32-беттегі «Нәфи» бабында 20 етістікті үш тілде көрсетіп, оны түркі тілінде «келешекгі фиғлларны инкар» (келер шақтағы етістікті теріске шығару) деп атаған. 33-бетте «Исм әл-фағил» бабына тоқталып, 20 сөзді үш тілде береді. Түркі тілінде «Исм әл-фағилді» «Қылушы исми» (Негізгі есімше) деп атаған. Парсы тіліндегі үйренуші мен үйретуші бірдей жазылып кеткен. Алайда үйретуші آموزنده емес آموزگار болу керек еді. Бұны қателіктен қарағанда, мән берілмей қалған ағаттық деп санауға болады. Етістіктерді бергеннен кейін араб тіліндегі әйел тегінің соңына тамарбутаның қосылатындығын, екілік түрде әлиф пен нунның қосылатынын, ер тегінің көпше түріне уау мен нунның, көпше түрдегі әйел тегіне әлиф-і пен тә-сінің қосылатынын жазған. 34-бетте «Исм әл-мафғул» (ырықсыз есімше) бабына тоқталады. Ол жерде де жиырма сөзді үш тілде береді. Әл-Баруди «Исм әл-мафғулді» түркі тілінде «Қылунымыш исми» (ырықсыз есімше) деп атаған. Түркі тілінде көрілміш, қойылмыш, татылмыш (дәмге қатысты), алданмыш деп берген.

Бұл бапта да етістіктерді бергеннен кейін «Исм әл-фағил» бабындағы секілді араб тіліне тән ерекшеліктерге тоқталады. Ол да «Исм әл-фағил» бабындағы секілді өзгереді. 35-бетте «Исм әл-әлә» бабына тоқталып, түркі тілінде «құрал исми» деп аталады. Бұл жерде 15 сөзді үш тілде берген. Егер араб тілінде құрал атауларын жасаудың грамматикалық бір формасы (уазн) болса, түркі және парсы тілінде ондай уазн кездеспейді. 36-бетте «Исм әз-зарф» бабында әл-Баруди оны түркі тіліне тікелей аударма жасап, «орын уа заман исми» деп атаған. Бұл бапта 7 сөзді үш тілде берген. Араб тілінде исм әз-зарфты жасаудың да грамматикалық бір формасы (уазн) болса, түркі және парсы тілінде ондай уазн кездеспейді. 37-бетте «Исм әт-тафдил» (салыстырмалы шырай) бабына тоқталады. Оны түркі тілінде «Бир ишдеартығырағының намы» (бір істе артығырағының есімі) деп атайды. Бұл бапта 22 сөзді үш тілде береді. Түркі тілдеріне бұл грамматикалық категория -рак, -рек жұрнағы арқылы жасалады. Ал араб тілінде أفعال уазынымен жасалса, парсы тілінде сөздің соңына تر (-тәр) қосымшасы арқылы жасалады.

Одан кейін әл-Баруди «Кинаят» бабына тоқталады. Сөз басында ол араб тілінде киная жасалғанда ер кісі, әйел кісі, бір кісі, екі кісі, одан көп үшін әртүрлі жасалатын болса, парсы мен түркі тілдерінде сөздер ер мен әйел тегі болып бөлінбейтіндігін, сондай-ақ екілік түр мен көпше түрде де айырмашылық болмайтынын айтып, үш тілді бір-бірімен салғастыра түсіндіріп кетеді. Ол бұл жерде «киная» сөзін «дамир» (есімдік) сөзінің орнына қолданған. Дамирлерді араб тіліндегі жіктелуіне қарай үшінші жақтан бастап, екінші және бірінші жаққа тоқталған. Дамирлерді жекеше, екілік және көпше түрде ретімен жазған. Алдымен дамир мунфасилге (жеке жазылатын) рафғ халінде тұратын дамирлерге, одан кейін насб халінде тұратын дамирлерге тоқталған. Оларды музәккар (ер тегі) және муәннас (әйел тегі) деп екіге бөліп қарастырған. 39-40 беттерде араб тіліндегі харф (көмекші сөздер) сөз табына 50 сөзді келтірген. Бұл жерде сұраулық шылаулары да, көсемше жалғаулары да (исм әл-маусул) да қамтылған.

Түркі тілі мен араб және парсы тілдерін салыстыра зерттеулер жүргізу М.Қашқари, Әбу Хайян әл-Андалуси сынды орта ғасырлық лингвист ғалымдармен қатар түркі тілдерін зерттеген Батыс пен Ресей ғалымдарының еңбектерінде де кездеседі. Ол туралы академик В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігінде кездесетін араб, парсы сөздерінің терминденуін зерттеген С.Құлманов пен Г.Бүркітбайдың мақаласынан да оқуға болады [12].

Қорытынды

Қорытынды сөз ретінде Ғалымжан әл-Барудидің «Үш тіл» атты еңбегін зерттей келе, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі тіл білімінде лингвистикалық еңбектердің болғандығына, түркі тіл білімінде салғастырмалы зерттеулер жасалғандығына көзіміз жетті. Автордың бұл еңбегі шет тілін салғастырмалы талдау жасай отыра, жеңілден ауырға қарай сатылай үйрететін оқулық әрі тақырыптық сөздік деп тұжырым жасай аламыз. Ғалымжан әл-Баруди өзі өмір сүрген ғасыр мен ортада жиі кездесетін, шет тілін үйренуде күнделікті қолданыста бар сөздерді таңдаған. Бұл еңбекте қазір қазақ тіл білімінде қолданыста жоқ, бірнеше лингвистикалық терминдерді де кездестіруге болады. Ол да қазақ тіл білімінің тарихын зерттеуде назар аударылуы тиіс мәліметтер саналады. Бұл шет тілдерін үйретуде оқулық мақсатында жазылған еңбек болғанымен, түркі тіл білімі туралы көптеген мәлімет беретін еңбек екендігін айта аламыз. Орхан-Енесей жазбаларынан бастау алып, М.Қашғари және басқа да орта ғасырлық түркі тіліндегі жазбалармен жалғасқан бүгінгі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің жүріп өткен жолын, қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде де басшылыққа алынатын еңбек деп санаймыз. Сондықтан бұл кітапты түркі тілдерін зерттеуде басшылыққа алатын еңбектердің қатарына қосылуға лайықты деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ғалымжан әл-Баруди. Луғат сәләс. Се забон. Уч тил. – Қазан: Типография Б.Л. Домбровского, 1902. – 40 б.

[2] Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение – Список персоналий // Медина Издательский дом. <https://idmedina.ru/books/regions/?5841> 1510.2024

[3] Қыдырбаев Қ.А. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері: 6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2012. – 176 б.

[4] Мула Али әл-Қари. Шарх мухтасар әл-Уиқая. (Мухатсар әл-Уиқая еңбегінің түсіндірмесі). II бөлім. – Қазан: Императорлық университеттің типо-литографиясы (Казань: Типо-литография Императорского университета), 1317/1902. – 510 б.

[5] Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. 2-том. – 528 б.

[6] أبو حيان الأندلسي. كتاب الإدراك للسان الأتراك. مصر: مطبعة عامرة، سنة ٩٠٣١. ص: ٣١٢.

[7] محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك. İstanbul: Millet Kütüphanesi. Mikrofilm arşivi. № 153.

[8] المعجم الوسيط. استانبول: دار الدعوة. ١٩٩١. ص: ٧٦٠١

[9] Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

[10] Халел Досмұхаметұлы. Диуал луғат эт-турк. // «Шолпан» журналы. – Ташкент, 1923. – №6-8. – Б.19-29

[١١] عبد الله بن يوسف الجديع العنزي. المنهاج المختصر في علمي النحو والصرف. الناشر: مؤسسة الريان للطباعة والنشر والتوزيع، بيروت – لبنان. الطبعة: الثالثة، ٨٢٤١ هـ - ٧٠٠٢ م. ص: ٨٨١

[12] Құлманов С., Бүркітбай Г. В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – №1 (72). – Б.174-191.

REFERENCES

[1] Ğalymjan al-Barudi. Luğat salas. Se zaban. Uç til [Three language]. – Qazan: Tipografia B.L. Dombrovskago, 1902. – 40 p. [in Turk.]

[2] “Ishanizm kak sufijskaya traditsiya Sredney Volgi v XX veke: formy, smysly, znachenie – Spisok personali [“Ishanism as a Sufi Tradition of the Middle Volga in the 20th Century: Forms, Meanings, Significance – List of Figures”] // Medina Izdatelskiy dom. <https://idmedina.ru/books/regions/?5841> 15.10.2024 [in Rus.]

[3] Qydyrbaev Q.A.. Qazaq onimderin arab tiline transliteratsialaudyn ğilymi-teorinalyq negizderi [Scientific and theoretical basis of transliteration of Kazakh onyms into Arabic]: 6D020900 – Şygystanu mamandyǵı boıynşa filosofıa doktori (PhD) ğilymi darjeşin alu üşin dayındalǵan dissertaşıa. – Almaty, 2012. – 176 b. [in Kaz.]

[4] Mula Ali al-Qari. Şarh muhtasar al-Uiqara [Commentary on the summary of al-Uiqara]. Vol. II. – Qazan: İmperiatorlyq universitetin tipo-litografiasy, 1317/1902. – 510 p. [in Arabic]

[5] Abai shigarmalarining akademyaliq toliq jinagi (2020) [Complete Works of Abai]. – Almaty: “Jazushy” baspasi. Volume 2. – 528. [in Kaz.]

[6] Abū Hayyān al-Andalusī. Kitāb al-Idrāk li-Lisān al-Atrāk [The Book of Perception of the Turkish Language]. – Mişr: Maṭba‘a ‘Āmira, 1309. – 213 p. [in Arabic]

[7] Maḥmūd bin al-Ḥusayn al-Kāshghari. Kitāb Divān Luġāt al-Turk [Book of the Divan of Turkic Languages]. Istanbul: Millet Kütüphanesi. Mikrūfilm arşivi. № 153. [in Arabic and Turkic]

[8] al-Mu‘jam al-Wasiṭ [Intermediate Dictionary]. – Istanbūl: Dār al-Da‘wa, 1989. – 1067 s. [in Arabic]

[9] Qaliev Ğ. Til bilimi terminlerinin tusindirme sozdigi [Glossary of linguistic terms]. – Almaty: “Sozdik-Slovar,” 2005. – 440 b. [in Kaz.]

[10] Halel Dosmuhammeduli. Diwal luğat at-turk [Book of the Divan of Turkic Languages]. // “Şolpan” jurnalı. – Taşkent, 1923. – №6-8. – B. 19-29. [in Kaz.]

[11] ‘Abd Allāh bin Yūsuf al-Juday‘ al-‘Anazi. al-Minhāj al-mukhtaşar fi ‘ilmay al-naḥw wa-ş-şarf [The Concise Curriculum in Grammar and Morphology]. Mu‘assasa al-Rayyan li-t-ṭibā‘a wa-n-nashr wa-t-tawzi‘, Bayrūt – Lubnān. al-Ṭab‘a: ath-thālitha, 1428 H - 2007 M. ş: 188. [in Arabic]

[12] Qulmanov S., Burkitbay G. V.V. Radlov sozdigining leksikalyq quramy: arab, parsy kirme sozdepi zhane olarding qazirgi kezdegi termindenu uderisi [The lexical composition of V.V. Radlov’s dictionary: Arabic and Persian loanwords and their current process of becoming terms] // Ablaihan atyndaǵy QazKHQ zhane ATU Khabarshysy «Filologua gylymdary» seruasıy. – 2024. – № 1 (72).– B. 174–191. [in Kaz.]

ТРУД АЛЬ-БАРУДИ «ЛУГАТ САЛЯС-СЕ ЗАБОН-УЧ ТИЛ» И ЕГО МЕСТО В ЯЗЫКОЗНАНИИ (ПО СПИСКУ НАЦИОНАЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ РК)

*Мухитдинов Р.С.¹, Мустафаева А.А.², Шокай Е.К.³

*^{1,3} Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак
Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье предпринимается попытка рассмотреть труд Галымжана аль-Баруди (1857-1921) «Лугат саялс-Се забон-уч тил» («Три языка») как объект исследования сравнительного языкознания и тюркологии. Основная идея исследования заключается в определении и подтверждении того, что в конце XIX-начале XX века в тюркском мире уже проводились сравнительные исследования на материале трех языков. Практическая и научная значимость данного учебника-словаря выражается не только в сравнительном языкознании и тюркологии, но и при изучении исторической грамматики казахского языка. Однако данный труд, по сей день не стал объектом исследователей. Несмотря на небольшой размер этого труда, он имеет высокую историческую ценность. В данной статье представлена краткая информация об авторе данного учебника, версия, которого хранится в Фонде редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан. В статье уделяется внимание каждой главе, проводится анализ лексических единиц и грамматических категорий арабского, персидского и тюркского языков, также делается обзор по структуре и содержанию книги. Следовательно, кроме лексикографического материала, сравнительному и сопоставительному анализу подвергаются и грамматические правила трех языков. В учебнике сначала даются переводы слов, наиболее

часто используемых в повседневной жизни, далее правила грамматики с примерами арабском, персидском и тюркском языках. Лингвистические термины, использованные в учебнике, актуальны при изучении исторической грамматики казахского языка. Наряду с сопоставительным, сравнительным, диахроническим методами в исследовании используются также методы описания, обзора и перевода. В результате исследования определено то, что в XIX-начале XX века в наших регионах проводились сравнительные исследования в языкознании и лексикографии.

Ключевые слова: три языка, сравнительное языкознание, арабский, персидский, тюркский, казахский язык, историческая грамматика, лингвистический термин

AL-BARUDI'S WORK "LUGAT SALYAS-SE ZABON-UCH TIL" AND ITS PLACE IN LINGUISTICS (ACCORDING TO THE LIST OF THE NATIONAL LIBRARY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

*Mukhitdinov R.S.¹, Mustafayeva A.A.², Shokay Ye.K.³

*¹, ³Egyptian University of Islamic culture Nur Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article focuses on the analysis of *Lugat Salas-Se Zabon-Uch Til* ("Three Languages") by Galyamzhan al-Barudi (1857–1921). The aim is to demonstrate that comparative linguistic studies were already being conducted within the Turkic world in the late 19th and early 20th centuries. Despite its brief length, this textbook holds substantial practical and scholarly value, not only for comparative linguistics and Turkology but also for the study of Kazakh historical grammar. The article provides a summary of the author's life and contributions and offers an analysis of the stamps and notations found on copies preserved in the Rare Books and Manuscripts Collection of the National Library of Kazakhstan. Each chapter of the textbook is reviewed, with an emphasis on its Arabic, Persian, and Turkic vocabulary, as well as its grammatical rules, which are presented as a basis for future comparative linguistic studies. In-depth grammatical comparisons of the three languages are provided. The author also includes Kazakh equivalents for linguistic terms, adding to the textbook's utility in Kazakh historical grammar studies. Employing comparative, contrastive, diachronic, descriptive, review, and translation methodologies, this study highlights the historical significance of the textbook in comparative linguistics, Turkology, and the study of Kazakh historical grammar. Findings reveal that comparative linguistic research was indeed present in our region by the late 19th and early 20th centuries.

Keywords: three languages, comparative linguistics, Arabic, Persian, Turkic, Kazakh language, historical grammar, linguistic term

Мақала түсті / Стаття поступила / Received: 23.11.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Мухитдинов Рашид Сражович – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Мустафаева Анар Абдикадиевна – PhD, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: rummana@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>

Шоқай Еркінбек Керімбекұлы – PhD, аға оқытушы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: jandabakty@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-6585-0303>

Информация об авторах:

Мухитдинов Рашид Сражович – кандидат филологических наук, доцент, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Мустафаева Анар Абдикадиевна – PhD, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан, email: rummana@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>

Шоқай Еркінбек Керімбекулы – PhD, старший преподаватель, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: jandabakty@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-6585-0303>

Information about the authors:

Mukhitdinov Rashid – Candidate of Philological Sciences (PhD), Associate Professor, Nur-Mubarak University of Islamic Culture, Department of Islamic Studies, Kazakhstan, Almaty, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Mustafayeva Anar – PhD, Assoc. Professor, al-Farabi Kazakh national university, Faculty of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan, email: rummana@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>

Shoqai Yerkinbek – PhD, Lecturer, Nur-Mubarak University of Islamic Culture, Department of Islamic Studies, Kazakhstan, Almaty, email: jandabakty@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-6585-0303>